## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 281 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 тамыздағы N 835 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 225 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесін және өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 281 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесінде:

2-тармақтың 1) тармақшасында "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шешімімен көзделген жағдайларда" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақтың бірінші абзацы "Премьер-Министрінің шешімімен ресімделетін" деген сөздерден кейін "іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасына шақырылатын тұлғалардың қонақ үйде тұруына және баратын пунктіне дейінгі көліктік шығындарына ақы төлеуге," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК